

2. Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топқа топтау, қызметкерлерді топтарға бекіту.
3. Тәлімгер тәрбиешілерге жас мамандар бекіту.
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізу.
5. Әр түрлі мәселелер.

#### **Тыңдалды:**

1. Балабақша меңгерушісі Нарбек Гүлнар бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі – қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп, оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық категория. Еңбек тәртібі жұмыс беруші мен қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібіне мойынсыну, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелерінен көрініс табады. Еңбек тәртібі сендіру және мәжбүрлеу сияқты әдістердің көмегімен қамтамасыз етіледі. Сендіру әдісін қолдану қызметкерлердің өкімшілік талаптарын, кәсіпорынның (ұйымның) ішкі еңбек тәртібі ережелерін саналы және ерікті түрде орындауға деген ішкі қажеттіліктерін тәрбиелеу мақсатында олардың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді. Сендіру әдісін іске асырудың нысаны кетермелеу шаралары болып табылады. Мәжбүрлеу әдісі сендіру әдісі қажетті нәтижелерге қол жеткізбеген уақытта қолданылады. Ол еңбек тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік жазалау шаралары болып табылады. Қызметкерлер жұмыста болған кезінде мекемеге зиян келтіретін болса, материалдық жауапкершілікке тартылады. Бұл жағдайда қызметкер жалақысынан төлеу арқылы келтірілген зиянның орнын толықтай өтейді. Сонымен, қызметкер өзіне жүктелген еңбек міндеттерін ойдағыдай орындайды. Жұмыс беруші материалдық және моральдық көтермелеу шараларын, егер қажет болған жағдайда тәртіптік ықпал ету шараларын пайдалана алады.

Сонымен қатар лауазымдық міндеттерін бөліп берді. Кіші педагогикалық персонал деп те аталатын балабақша тәрбиешісінің көмекшісіне үлкен жауаптылық жүктеледі. Тәрбиеші көмекшісінің міндеттеріне тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыру, еңбек және оқу іс-әрекеттері, балаларға арналған гигиеналық процедуралар, серуенде балаларды ертіп жүру және жалпы тәрбиеленушілердің бақшада жайлы тұруын

## №1 өндірістік кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы  
№1 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 14.08.2022ж

Қатысқандар саны: 42.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі ережесімен таныстыру, лауазымдық міндеттерін бөлу.
2. Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топқа топтау, қызметкерлерді топтарға бекіту.
3. Тәлімгер тәрбиешілерге жас мамандар бекіту.
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізу.
5. Әр түрлі мәселелер.

### **Тыңдалды:**

1. Балабақша меңгерушісі Нарбек Гүлнар бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі – қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп, оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық категория. Еңбек тәртібі жұмыс беруші мен қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібіне мойынсыну, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелерінен көрініс табады. Еңбек тәртібі сендіру және мәжбүрлеу сияқты әдістердің көмегімен қамтамасыз етіледі. Сендіру әдісін қолдану қызметкерлердің өкімшілік талаптарын, кәсіпорынның (ұйымның) ішкі еңбек тәртібі ережелерін саналы және ерікті түрде орындауға деген ішкі қажеттіліктерін тәрбиелеу мақсатында олардың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді. Сендіру әдісін іске асырудың нысаны кетермелеу шаралары болып табылады. Мәжбүрлеу әдісі сендіру әдісі қажетті нәтижелерге қол жеткізбеген уақытта қолданылады. Ол еңбек тәртібін бұзған үшін қолданылатын тәртіптік жазалау шаралары болып табылады. Қызметкерлер жұмыста болған кезінде мекемеге зиян келтіретін болса, материалдық жауапкершілікке тартылады. Бұл жағдайда қызметкер жалақысынан төлеу арқылы келтірілген зиянның орнын толықтай өтейді. Сонымен, қызметкер өзіне жүктелген еңбек міндеттерін ойдағыдай орындайды. Жұмыс беруші материалдық және моральдық көтермелеу шараларын, егер қажет болған жағдайда тәртіптік ықпал ету шараларын пайдалана алады.

Сонымен қатар лауазымдық міндеттерін бөліп берді. Кіші педагогикалық персонал деп те аталатын балабақша тәрбиешісінің көмекшісіне үлкен жауаптылық жүктеледі. Тәрбиеші көмекшісінің міндеттеріне тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыру, еңбек және оқу іс-әрекеттері, балаларға арналған гигиеналық процедуралар, серуенде балаларды ертіп жүру және жалпы тәрбиеленушілердің бақшада жайлы тұруын

камтамасыз ету жатады. Мақалада көмекшілердің еңбек міндеттері туралы және лауазымдық нұсқаулықта жазылуы маңызды

Балабақша тәрбиешісінің тікелей лауазымдық міндеттері бар, ол еңбек шартында және тәрбиешінің лауазымдық нұсқауларында жазылуы керек. Сарапшылар жүктеу үшін балабақша тәрбиешісінің лауазымдық нұсқаулығымен таныстырды.

2. Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топқа топтау, қызметкерлерді топтарға бекіту төмендегіше болып бекітілді.

р/с	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Тәрбиешілер	Тәрбиеші көмекшілері
1	«Ботакан» кіші тобы	2 жастағы	Абилдаева Айгерім Бейсенбековна. Жайдарбекова Балжан Умирзаковна	Бибатыр Гауһар
2	«Күншуақ» кіші тобы	2- жастағы	Сейдуалиева Назира Еркінбайқызы Бегімбетова Балжан Нуриддиновна	Стаева Оразкүл
3	«Балапан» ортаңғы тобы	3-жастағы	Қалтай Күлжамал Сайлауқызы Сағатова Салтанат Базарбайқызы	Орынбай Бағила
4	«Балбөбек» ортаңғы тобы	3- жастағы	Төлтебай Раушан Колхозқызы Төле Бибігүл Нақышқызы	Құлымбетова Қанипа
5	«Қызғалдақ» ортаңғы тобы	3-жастағы	Бектұрған Атипа Ережепқызы Жасек Пернекүл Әмзеқызы	Сейдімбет Ләззат
6	«Болашақ» ересектер тобы	4- жастағы	Әсіл Айгүл Жаппарқызы Сайдвалиева Гүлзира Еркінбайқызы	Қалмұрат Әлия
7	«Бүлдіршін» ересектер тобы	4- жастағы	Нарбек Ұлжан Батырбекқызы Досым Бағила Өсербекқызы	Оралбек Жұмакүл
8	«Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобы	5- жастағы	Нысанбай Әлмира Мәдіханқызы Жаппарова Жанар Абдурахимовна	Жүзеева Гүлнұр

3.Тәлімгер тәрбиешілерге жас мамандар бекіту туралы балабақша меңгерушісі жас тәрбиешіге қалай көмектесеміз?Оны тиісті арнаға қалай бағыттаймыз?Біздің балабақшада басқа балабақша секілді тәлімгерлік әдісі қолданылады. Әр жаңа келген маманға тәлімгер – барынша тәжірибелі, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыра білетін маман бекітіледі. Тәлімгердің міндеті – жаңадан келген маманға балабақшада қолданылатын жұмыс әдістері жөнінде айтып беру, әріптестерімен таныстыру және т. б. Педагогты бейімдеу барысындағы оның рөлі күрделі әрі жауапты. Тәлімгер жұмысының міндеттері:жас мамандарға тәлімгерлік қызмет көрсету.

4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен меңгеруші Г.Нарбек таныстырды.

1.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау балабақшасының барлық тәрбиешілері орындауы үшін міндетті болып саналады.

2. Тәрбиешілердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.

3. Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде баланың бақылау жасайды.

4. Жарақатты профилактикалауға көңіл бөлу.

5.Балабақша бөлмелерімен қозғалу кезінде , балалар бақшасы аумағынан тыс жерде, сондайақ техникалық оқыту құралдарын пайдалану кезінде қауыпсіздікті камтамасыз ету,балаларды балалар бақшасы аумағынан тыс жерге жібермеу.

6. Бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда, тәрбиеші бұл туралы әкімшілікке хабар беріп , оны жедел іздестіруді ұйымдастыруға тиісті.
7. Балаларды үйге жалғыз жіберуге , бөтен адамдармен , мас адамдар қолына беруге тыйым салынады.
8. Ата-анасымен алдын ала баланы жетуге сенім білдірген адамға сенімхат рәсімдеу оған ата анасы мен сенім білдірген адамның қолы қойылған болуы тиіс.

5.Әр түрлі мәселелер бойынша балабақшада басқада мәселелер талқыланды.

### **Жиналыс қаулы етеді:**

1. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібі ережесімен таныстырылсын, лауазымдық міндеттері бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топта жасақталсын, қызметкерлер бекітілген топтарда өз жұмыстарын жүргізілсін.
3. Тәлімгер тәрбиешілерге жас мамандар бекітілсін
4. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық бойынша жұмыстар жүргізілсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:  
Хатшы:



Г.Б.Нарбек.  
Р.Жолбарыс.

## №2 өндірістік кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы  
№2 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 20.12.2022ж

Қатысқандар саны: 42.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Жылу мәселесі
3. Қатты және жұмсақ заттарды түгендеу.
4. Қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесі.
5. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

### **Тыңдалды:**

1. Балабақша меңгерушісі Г.Нарбек өткен кеңестің қаулыларының орындалуы жайлы сұралды. Келесі мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбековтан жылу мәселесі жайлы мәлімет беріп өтті. Балабақшадағы топтардың жылу температурасы қалыпты, норма сай. От жағушылар күндіз -түні сменге түсіп , отты сөндірмей от жағылуда. Жылу қазандықтарының жағдайы жақсы.
2. Келесі мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбеков қатты және жұмсақ заттарды түгелдеу бойынша жасалынған есептер жүргізді. «Болашақ», «Бүлдіршін» ересек топтарында қатты заттар түгел екендігін, «Балапан», «Қызғалдақ», «Балбөбек» ортаңғы топтарында қатты заттар бір қалыпты сақталған. Ал жұмсақ заттарды түгендеу кезінде біршама заттардың ескіргендіктерін, оларды мемлекет тарапынан қаржы бөлінсе жаңалауды қажет ететіндіктерін айтты.
3. Келесі мәселе балабақша қызметкерлерінің 2023 жылдың кезекті еңбек демалысына шығу кестесі жайлы балабақша меңгерушісі таныстырып өтті. Жаз мезгілінде оқу процесі тоқтауына байланысты тәрбиешілер кезекпен маусым, шілде, тамыз айларында кезекті еңбек демалыстарын ала алады. Ал қалған балабақша қызметкерлері өздеріне ыңғайлы уақытта өтініш беріп , еңбек демалысына өтініш тастау керектігін айтты. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысы құрылды.
4. Келесі мәселе жаңа жыл мерекесіне дайындық жайлы болды. Балабақша әдіскері Н. Ажибаева жаңа жыл мерекесін атап өтудің бағдарламасын түзді. Жаңа жыл мерекесі балалардың жас ерекшеліктеріне қарай 3-күнге бөлініп өткізілетінін, ертеңгілікке ата- аналардың келуін қамтамасыз етілуі, балалардың жаңа жылдық киімдермен барлығы қамтамасыз етілуі, балаларға сыйлықтар таратылып берілуі кезінде ешқандай бала сыртта тыс қалып кетпеуін қамтамасыз ету керектігін топ тәрбиешілеріне ескертті.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау жайлы балабақшадағы қауіпсіздік шараларына жауапты педагог Қынат Сейілқас өз ойын ортаға салды. Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың тікелей жетекшісі және, әрине, ата - аналар қатысуы керек.

Табиғи апаттардың алдын алудың негізгі қағидалары:

Өрттің пайда болуын болдырмау үшін газ және электр аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз және кешкі жылыту жүйелері, тұрмыстық техника (тоңазытқышты қоспағанда) қалдырмаңыз. Балалар, электрлі қазандықтар мен шайбалар орналасқан топтарда пайдаланбаңыз, сондай - ақ тұрмыстық емес үй - жайларда қоқыс сақтауға арналған дүкендерді сақтаныз немесе тұтанатын металдар мен құрылыс материалдарын сақтаңыз. Жабық бөлмелерде отшашуды және шам шамдарды, Bengal шамдарын ұйымдастыру мүмкін емес. Бөлмедегі шамдарды толығымен өшіру және балаларға мақта мен дәкеден жасалған көйлектерге кию ұсынылмайды. Балабақшаның маңындағы аумақты бақылау өте маңызды. Қоқыс ғимараттың сыртында арнайы аумаққа уақытында жеткізілуі тиіс. Шатыр үй - жайлары жабық болуы керек және олардың кілттері онай қол жетімді жерде қалдырылуы тиіс (әрине балаларға арналған емес). Әрбір сүйіспеншілікке толы ата - ана үшін олардың баласы өмірдегі ең жақсы нәрсе. Балалар әрдайым мойынсұнбайды, әсіресе кішкентай кездерде. Сондықтан баланың баласы балабақшаға әкелінген кезде, баланың жарақаттануына жол бермеу үшін өте маңызды. Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Мұнда әрбір бала үшін күннің өзінде тікелей жанында тұрған адам жауапты.

#### Жиналыс қаулы етеді:

1. Балабақшадағы жылу мәселесін қадағалау шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбековқа жүктелсін.
2. Қатты және жұмсақ заттарды түгелдеп күтіп қстау балабақша қызметкерлеріне жүктелсін.
3. Қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесі бекітілсін.
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындықты қадағалау балабақша әдіскері Н. Ажибаеваға жүктелсін.
5. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау балабақша қызметкерлеріне міндеттелсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Р.Жолбарыс.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау жайлы балабақшадағы қауіпсіздік шараларына жауапты педагог Қынат Сейілкас өз ойын ортаға салды. Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың тікелей жетекшісі және, әрине, ата - аналар қатысуы керек.

Табиғи апаттардың алдын алудың негізгі қағидалары:

Өрттің пайда болуын болдырмау үшін газ және электр аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз және кешкі жылыту жүйелері, тұрмыстық техника (тоңазытқышты қоспағанда) қалдырмаңыз. Балалар, электрлі қазандықтар мен шайбалар орналасқан топтарда пайдаланбаңыз, сондай - ақ тұрмыстық емес үй - жайларда қоқыс сақтауға арналған дүкендерді сақтаңыз немесе тұтанатын металдар мен құрылыс материалдарын сақтаңыз. Жабық бөлмелерде отшашуды және шам шамдарды, Bengal шамдарын ұйымдастыру мүмкін емес. Бөлмедегі шамдарды толығымен өшіру және балаларға мақта мен дәкеден жасалған көйлектерге кию ұсынылмайды. Балабақшаның маңындағы аумақты бақылау өте маңызды. Қоқыс ғимараттың сыртында арнайы аумаққа уақытында жеткізілуі тиіс. Шатыр үй - жайлары жабық болуы керек және олардың кілттері оңай қол жетімді жерде қалдырылуы тиіс (әрине балаларға арналған емес). Әрбір сүйіспеншілікке толы ата - ана үшін олардың баласы өмірдегі ең жақсы нәрсе. Балалар әрдайым мойынсұнбайды, әсіресе кішкентай кездерде. Сондықтан баланың баласы балабақшаға әкелінген кезде, баланың жарақаттануына жол бермеу үшін өте маңызды. Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Мұнда әрбір бала үшін күннің өзінде тікелей жанында тұрған адам жауапты.

#### Жиналыс қаулы етеді:

1. Балабақшадағы жылу мәселесін қадағалау шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбековқа жүктелсін.
2. Қатты және жұмсақ заттарды түгелдеп күтіп кстау балабақша қызметкерлеріне жүктелсін.
3. Қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесі бекітілсін.
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындықты қадағалау балабақша әдіскері Н. Ажибаеваға жүктелсін.
5. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау балабақша қызметкерлеріне міндеттелсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Р.Жолбарыс.

### №3 өндірістік кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы  
№3 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 13.03.2023ж

Қатысқандар саны: 42.

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру, бөлме гүлдерін көбейту, сенбіліктер өткізу.
4. Әр түрлі мәселелер.

#### **Тыңдалды:**

1. Балабақша меігерушісі Нарбек Гүлнар бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, өткен кеңестің қаулыларының орындалуы жайлы сұралды. Өткен кеңестің шешімінде қабылдаған қаулылар талапқа сай орындалғандығын айтты жауапты мамандар.
2. Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы медбике Е.Кемелбекова: мектепке дейінгі білім беру мекемелері нысандарының көптеген медициналық есептік-тіркеу құжатнамасында келесі құжаттар болуы тиіс:
  - 1) инфекциялық ауруларды тіркеу журналы; 2) соматикалық аурулар журналы; 3) өткір инфекциялық ауруларды тіркеу журналы; 4) карантинді тіркеу журналы; 5) профилактикалық екпелер картасы; 6) профилактикалық екпелер журналы; 7) вакциналарды және өзге де бактериалды препараттарды салу журналы; 8) Манту сынамаларын тіркеу журналы; 9) Манту сынамасы бойынша тексеру қауіптілігі жоғары балалар тобын тіркеу журналы; 10) физиопедиатрдың қайта тексеруін талап ететін, оң туберкулинді тұлғалар журналы; 11) вакцинадан кейінгі асқынулар журналы; 12) тұрақты және медициналық кейінге қалдыру журналы; 13) ашық құтылар мен вакциналар қалдықтарын жою журналы; 14) қадағалаушы химия-профилактика жүргізу журналы; 15) вакциналар және өзге де иммунобиологиялық препараттарды салу есебі; 16) профилактикалық екпелермен қамту есебі; 17) толық тазалау жұмысы журналы; 18) бөлмені кварцтау журналы; 19) мұздатқыш қондырғының температуралық режимін есептеу журналы; 20) паразитті аурулар қоздырғыштарын тексеруге қатысты тіркеу журналы; 21) гельминттерге тексерілген тұлғаларды тіркеу журналы; 22) дерматомироз және қышыма, педикулезге тексерілу журналы; 23) профилактикалық медициналық тексеру нәтижелеріне қатысты есеп; 24) баланың денсаулық төлқұжаты; 25) тәуекел тобындағы балалар тізімі; 26) флюорадан өтуі тиіс тұлғаларды тіркеу журналы; 27) дайын өнімдердің бракеражды журналы; 28) тамақ блогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналы; 29) санитарлық-ағарту жұмыстары журналы; 30) вакциналар аннотациясы бар журнал; 31) бұйрықтар мен нұсқаулықтар; 32)



тамақтану ережелерін орындауды бақылау журналы (жинақтаушы тізімдеме бойынша); 33) диспансерлік науқастарды тіркеу журналы; 34) тәрбиеленушілердің жеке медициналық карталары; 35) диспансерлік бақылаудың қорытынды картасы; 36) тереңдетілген медициналық тексерістер, мамандар актілері журналы; 37) азық-түлік шикізаты және азық-түлік тағамдары бракеражы журналы; 38) азық-түлік тағамдары ережелерін орындау жөніндегі бақылау тізімдемесі деп таныстырып өтті. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалар сақталған.

3. Балабақша ауласын көгалдандыру, бөлме гүлдерін көбейту, сенбіліктер өткізу туралы балабақша меңгерушісі Г.Нарбек көктем мезгілінде көгалдандыру жұмыстары басталғандығын айтты. Әр топ өздеріне тиесілі жер телімдерін аударып, гүлдер мен ағаштар отырғызу керек екендігін, оларға күту жұмыстарын ұдайы жалғастырып отыру керектігі айтылды. Топтарға бөлме гүлдерін көбейтіп егу керектігін, балаларға табиғат бұрышында еңбек әрекеттерін ұйымдастырып, үйрету керектігі ескертілді. Сенбіліктер ұйымдастырылып, аулада тазалау, сырлау жұмыстары болатындығын айтты.
4. Басқада әртүрлі мәселелер талқыланды.

#### Жиналыс қаулы етеді:

1.Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуын қадағалау балабақша медбикесі Е.Кемелбековаға жүктелсін.

2.Балабақша ауласын көгалдандыру, бөлме гүлдерін көбейту, сенбіліктер өткізу оларды ұйымдастырып қадағалау шаруашылық меңгерушісі Ж. Жайдарбековқа жүктелсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Р.Жолбарыс.

## №4 өндірістік кеңес.

### МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы №4 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 18.05.2023ж

Қатысқандар саны: 42.

#### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық.
3. Жаз маусымындағы азық- түліктердің сапасы мен алуа түрлілігі бойынша қорытынды.
4. Қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесін оқып, еске алу.
5. Жазғы жұмыстар.

#### Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Нарбек Гүлнар бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, өткен кеңестің қаулыларының орындалуы жайлы сұралды. Өткен кеңестің шешімінде қабылдаған қаулылар талапқа сай орындалғандығын айтты жауапты мамандар.

2.Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстырды. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:

балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту;

балалардың спорттық іскерліктері мен машықтарын дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.

Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілу керек.

3.Үшінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбеков пен емдәмбике Р.Қамбарбекова жаз маусымындағы азық- түліктердің сапасы мен алуа түрлілігі бойынша талдау жасалды.Мектеп жасына дейінгі балалық дұрыс тамақтануының негізгі ережелерін күнделікті ағзаның құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар ет, балық, сүт, жұмыртқа, жеміс- жидектер мен көкөністер, қант, нан, дәннен жасалған тәттілер үнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аламыз.

Балалардың тамағын дәрумендіру аскорбин қышқылы, тәуліктік қажеттілік есебінен 2-6 жастағы балаға -40мг. Дәрумендер дайын тамақтарға, ас әзірлейтін бөлмеде, бас медбике, емдәмбикенің қадағалауымен іске асырылады. Дәрумендендірілген тағамдарды қайта жылытуға кеңес бермейміз. Өйткені тағам құрамындағы аскорбин қышқылы жоғалады.

4.Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Нарбек қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесін оқып, кезекті еңбек демалысына кететін уақыттарын ескерте келе, емдік шара үшін бір айлық жалақы қоса төленетінін айтты.

5.Жазғы жұмыстар бойынша шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбеков даладағы жұмыстар жөнінде айтты. Даладағы гүлдер, ағаштар, өсімдіктер күнделікті суарылып тұрады. Аула сыпырушы күнделікті таң ертең есік алдын сыпырады.

### Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Жаз маусымындағы азық- түліктердің сапасы мен алуа түрлілігі бойынша тағамдар берілуін қадағалау шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбеков пен емдәмбике Р. Камбарбековаға жүктелсін.
3. Қызметкерлердің еңбек демалысына шығу кестесі бекітіліп, қызметкерлердің еңбек демалысының ақысын дер кезінде төлеу балабақша есепшісі М.Асилбековаға міндеттелсін.
4. Жазғы жұмыстардың жүргізілуін қадағалау шаруашылық меңгерушісі Ж.Жайдарбековқа жүктелсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Р.Жолбарыс.